2.1. Целью деятельности Общества является извлечение чистого дохода посредством осуществления деятельности, предусмотренной Уставом.

2.2. Предметом деятельности являются:

- производство прочих пищевых продуктов,
- оптовая торговля пищевыми продуктами,
- розничная торговля пищевыми продуктами в специализированных магазинах,
- столовые и поставка горячей пищи,
- транспортная обработка грузов и хранение,
- сдача в наем недвижимого имущества,
- аренда машин и оборудования,
  
- технические испытания и анализ,
  
- деятельность по охране здоровья человека,
  
- любая иная деятельность, не запрещенная действующим законодательством.

2.3. Для осуществления видов деятельности подлежащих лицензированию, Общество обязано получить лицензию в установленном законом порядке.

## 3. УЧАСТНИКИ ОБЩЕСТВА

3.1. Участниками Общества являются юридические и физические лица Республики Казахстан, других государств в порядке, определенном действующим законодательством и настоящим Уставом.

3.2. Все учредители Общества после полной оплаты стоимости приобретенных акций Общества обладают правами и обязанностями, вытекающими из настоящего Устава, и именуются в дальнейшем "Акционеры".

## 4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ АКЦИОНЕРОВ

4.1. Акционер Общества имеет право:

- 1) участвовать в управлении Обществом в порядке, предусмотренном настоящим Уставом;
- 2) получать дивиденды;
- 3) получать информацию о деятельности Общества в порядке определенном настоящим Уставом;
  
- 4) получать выписки от реестродержателя или номинального держателя, подтверждающие его право собственности на ценные бумаги;
- 5) оспаривать в судебном порядке принятые органами Общества решения;
- 6) обращаться в государственные органы для защиты своих прав и законных интересов в случае совершения органами Общества действий, нарушающих нормы законодательства и Устава Общества;



7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және сауал Қоғамға келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған жағдайда қалған мүліктің бір бөлігіне құқылы.

4.2. Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленуші акционерлердің;

1) Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға;

2) Қоғамның органдарына кандидатуралар ұсынуға;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында белгіленген тәртіппен Қоғам акционерлері тізімінің көшірмесін алуға құқығы бар.

4.3. Қоғам акционерлері:

1) Қоғамның құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте акцияларды төлеуге;

2) өзіне тиесілі акцияларды сату жөнінде ірі мәміле жасау ниеті туралы Қоғамға хабарлауға;

3) тізімді ұстаушыларға немесе осы акционерге тиесілі акцияларды атаулы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігін он күн ішінде хабарлауға;

4) Қоғамның коммерциялық құпия болып табылатын қызметі туралы жария етпеуге міндетті.

4.4. Қоғам акционерлерінің талабы бойынша оған Қоғамның Жарғысымен танысуға, оған енгізілген өзгерістерді қоса, мүмкіндік жасауға міндетті. Қоғам акционерге оның сұрауы бойынша, көшірмені дайындауға кеткен шығынның мөлшерінен аспайтын, Жарғының көшірмесін ақы төлеу арқылы беруге міндетті.

#### 5. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ. РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ.

5.1. Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы 1.200.000.000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгені құрайды.

5.2. Шығарылатын акциялар саны, шығарудың мерзімдері мен шарттары акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

5.3. Шығаруға жарияланған барлық акциялар орналастырылғаннан және төленгеннен кейін ғана акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның жарияланған жарғылық капиталын көбейтуге жол беріледі.

5.4. Қоғамның жарияланған жарғылық капиталы жарияланған және шығарылған (төленген) капиталдың арасындағы айырманың сомасында азайтылуы мүмкін.

Қоғамның жарияланған жарғылық капиталын азайту туралы шешім жарғылық капиталды көбейту туралы шешім сияқты тәртіппен қабылданады.

7) обращаться в Общество с письменными запросами о его деятельности по вопросам, подлежащим обсуждению на Общем собрании акционеров, и получать мотивированные ответы в течение тридцати дней с момента поступления запроса в Общество;

8) на часть имущества, оставшегося после ликвидации Общества.

4.2. Акционер, владеющий пятью и более процентами голосующих акций Общества, также имеет право:

1) созывать внеочередные общие собрания акционеров Общества;

2) предлагать кандидатуру в органы Общества;

3) получать копию списка акционеров Общества в порядке определенном общим собранием акционеров Общества;

4.3. Акционер Общества обязан:

1) оплачивать акции в порядке, предусмотренном учредительными документами Общества;

2) извещать Общество о намерении заключения крупной сделки по продаже принадлежащих ему акций;

3) в течение десяти дней извещать реестродержателя или номинального держателя акций, принадлежащих данному акционеру об изменении сведений, необходимых для ведения реестра держателей акций Общества;

4) не разглашать сведения о деятельности Общества, являющиеся коммерческой тайной.

4.4. По требованию акционера Общество обязано предоставить ему возможность ознакомиться с уставом Общества, включая последующие изменения к нему. Общество обязано предоставить акционеру по его ходатайству копию устава за плату, которая не должна превышать расходов на изготовление копии.

#### 5. ОБЪЯВЛЕННЫЙ УСТАВНЫЙ КАПИТАЛ ОБЩЕСТВА. РЕЗЕРВНЫЙ КАПИТАЛ. РАСПРЕДЕЛЕНИЕ ЧИСТОГО ДОХОДА.

5.1. Объявленный Уставный капитал Общества составляет 1.200.000.000 (один миллиард двести миллионов) тенге.

5.2. Количество выпускаемых акций, сроки и условия их выпуска устанавливаются Общим собранием акционеров.

5.3. Увеличение объявленного уставного капитала допускается после размещения и оплаты всех объявленных к выпуску акций по решению Общего собрания акционеров.

5.4. Уменьшение уставного капитала возможно на сумму разницы между объявленным и выпущенным (оплаченным) капиталом.

Решение об уменьшении объявленного уставного капитала Общества принимается в том же порядке, что и об увеличении объявленного капитала.



Жарияланған жарғылық капиталды заңдарда белгіленген ең төменгі мөлшерден кемітуге жол берілмейді.

5.5. Қоғамның шеккен зиянын өтеу үшін өзінің жарияланған жарғылық капиталының кемінде он бес пайызы мөлшерінде резервтік (қосымша) капиталы құрылады.

Резервтік (қосымша) капитал Қоғам мемлекеттік тіркеуден қткен кезден бастап екі жылдың ішінде толық құралуға тиіс. Қоғамның резервтік капиталы Қоғамның таза табысынан жыл сайын қаржы бөлу жолымен қалыптастырылады. Жыл сайын бөлінетін қаржының мөлшерін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы белгілейді. Егер қандай да болсын төлемдердің нәтижесінде Қоғамның резервтік капиталы оның жарияланған жарғылық капиталының он бес пайыздан аз болып қалса, Қоғам резервтік капиталды көрсетілген шамаға дейін толтыру үшін қаржы бөлуді қайтадан бастауға міндетті.

5.6. Акционерлердің келісімі бойынша дивидендтерді ақшалай да Қоғамның бағалы қағаздарымен де төленеді. Бір акцияға есептегендегі дивидендтердің мөлшерін Директорлар кеңесі белгілейді және Жалпы жиналыста бекітіледі.

5.7. Қоғам дивидендтер төлеуді жыл қортындысы бойынша, жарты жылда, тоқсан сайын хабарлауға хақылы.

Дивидендтер төлеу туралы шешімді (жыл қортындысы бойынша төленетіндерінен басқасы) Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі тоқсандық және жартыжылдық қортындылар бойынша дивидендтер төлеуді мақсатты емес екені туралы шешім қабылдауға хақылы.

5.8. Дивидендтер төлеу туралы шешім:

- 1) Қоғамның акционерлер алдындағы дивидендтерді төлемегені үшін жауапкершілігі пайда болатын жариялау кезінен бастап дивидендтердің мөлшері мен дивидендтерді іс жүзінде төлеу күні туралы;
- 2) дивидендтер алуға құқығы бар акционерлерді тіркеудің түпкілікті күні туралы;
- 3) төлеу әдісі туралы ақпараттарды қамтуға тиіс.

5.9. Дивидендтерге олар бойынша дивидендтер төлеудің ресми жарияланған күніне дейін отыз күннен кешіктірмей акциялар сатып алған тұлғалардың құқығы бар.

5.10. Қоғам айналысқа шығармаған немесе орналастырмаған, немесе сатып алмаған акциялар бойынша дивидендтер төленбейді.

5.11. Егер Қоғам банкроттық туралы заңдарға сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келетін болса немесе аталған белгілер Қоғамда дивидендтер жарияланып, төленгеннен кейін пайда болса, Қоғамның өз капиталы жетпейтін жағдайда келесі жылы акционерлерге жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге тыйым салынады.

Уменьшение объявленного капитала ниже минимального размера, установленного Законом, не допускается.

5.5. Обществом создается резервный капитал для покрытия убытков, в размере не менее пятнадцати процентов от объявленного Уставного капитала.

Резервный капитал должен быть сформирован в течение двух лет с момента регистрации Общества. Резервный капитал формируется путем ежегодных отчислений из чистого дохода Общества. Размер ежегодных отчислений в резервный капитал устанавливается Общим собранием акционеров

В случае если резервный капитал станет меньше пятнадцати процентов от объявленного уставного капитала, его отчисления возобновляются до установленной величины.

5.6. Выплата дивидендов производится деньгами, а также ценными бумагами Общества с согласия акционера. Размер дивиденда в расчете на одну акцию устанавливается Советом директоров Общества и утверждается Общим собранием.

5.7. Общество вправе объявлять выплату дивидендов ежеквартально, раз в полгода либо по итогам года.

Решение о выплате дивидендов (кроме выплачиваемых по итогам года) принимается Советом директоров общества.

Совет директоров Общества вправе принимать решения о нецелесообразности выплаты дивидендов по итогам квартала или полугодия.

5.8. Решение о выплате дивидендов должно содержать информацию:

- 1) о размере дивидендов и дате фактической выплаты дивидендов, с момента объявления которой наступает ответственность Общества перед акционерами за невыплату дивидендов;
- 2) об окончательной дате регистрации акционеров, имеющих право на получение дивидендов;
- 3) о способе оплаты.

5.9. На дивиденды имеют право лица, которые приобрели акции не позднее, чем за тридцать дней до официально объявленной даты выплаты дивидендов по ним.

5.10 Дивиденды не выплачиваются по акциям, которые не были выпущены в обращение или не размещены, или выкуплены Обществом.

5.11. Выплата дивидендов акционерам запрещается в последний год при отрицательном собственном капитале Общества или если Общество является неплатежеспособным или несостоятельным в соответствии с законодательством о банкротстве, или указанные признаки появятся у Общества после объявления и выплаты дивидендов.



## 6. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ.

- 6.1. Қоғам нақтылы құны 250 теңгелік сомасы 1.200 000 000 (бір миллиард екі жүз миллион) теңгеге жалпы саны 4.800 000 (төрт миллион сегіз жүз мың) дана акциялар шығарады.
- 6.2. Жай акция акционерге дауыс беруге ұсынылған барлық мәселелерді шешу жағдайында дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқық береді. Жай акция акционерге дивидендтер алуға құқық, Қоғам таратылғаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігін қолданымдағы заңдарға сәйкес тәртіппен алуға да құқық береді.
- 6.3. Жарияланған акциялар эмиссиясы туралы шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Акцияларды Қоғам атаулы немесе нарықтық құны бойынша орналастырады.
- 6.4. Қоғамның акцияларын төлеуге ақша, мүліктік құқықтар, жерді пайдалану құқығы, интеллектуалдық қызмет нәтижесіне құқықтар және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.
- 6.5. Акцияларды бағалы қағаздармен төлеуге соңғыларының бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында белгіленген құны бойынша ғана жол беріледі. Қоғамның директорлар кеңесінің шешімі бойынша ақшадан басқа, акцияларды төлеу үшін енгізілген өзге де мүлік оның ағымдағы нарықтық құны ескеріле отырып, ақшамен бағаланады.
- 6.6. Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алуы, қолданымдағы бағалы қағаздар рыногі туралы заңдарға сәйкес белгіленген, шығарылған акцияларды сатып алу туралы хабарландырылған күннің алдындағы соңғы отыз күнтізбелік күндегі олардың нарықтық орташа есеппелген бағасы бойынша немесе сатып алу туралы талаптың бағасы бойынша жүргізіледі. Қоғамның шығарылған акцияларды сатып алуы акцияларды қайта бөлу не жою мақсатында және Қоғамның жарғысында көзделген басқа да негіздер бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Шешімде сатып алынатын акциялардың саны, түрлері, сатып алу бағасы және төлем мерзімі көрсетіледі.
- 6.7. Қоғам сатып алатын акциялардың мөлшері Қоғамның шығарылған акцияларының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайыздан аспауға тиіс, ал қоғам акциялар сатып алуға жұмсайтын қаражат Қоғамның акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі немесе сатып алу құқығы пайда болған күнгі Қоғамның өз капиталының он пайыздан аса алмайды. Егер акциялардың оларға қатысты сатып алу туралы талаптар (ұсыныстар) мәлімделген жалпы саны Қоғам жарғыда белгілеген шектеуді ескере отырып сатып алуы мүмкін акциялар санынан ардық болса, акциялар акционерлерден мәлімделген талаптарға (ұсыныстарға) бар-бар сатып алынады.

## 6. АКЦИИ И ДРУГИЕ ЦЕННЫЕ БУМАГИ ОБЩЕСТВА

- 6.1. Общество выпускает 4.800.000 (четыре миллиона восемьсот тысяч) простых акций номинальной стоимостью 250 тенге на сумму 1.200.000.000 (один миллиард двести миллионов) тенге.
- 6.2. Простая акция предоставляет акционеру право на участие в общем собрании акционеров с правом голоса при решении всех вопросов, выносимых на голосование. Простая акция также предоставляет акционеру право на получение дивидендов, право на получение части имущества общества, оставшегося после его ликвидации в порядке, установленном действующим законодательством.
- 6.3. Решение об эмиссии акций принимается Общим собранием акционеров.
- Акции размещаются обществом по номинальной или рыночной стоимости.
- 6.4. В оплату акций могут быть внесены деньги, имущественные права, право землепользования и право на результаты интеллектуальной деятельности и иное имущество.
- 6.5. Оплата акций ценными бумагами допускается только по стоимости последних, определяемой на организованном рынке ценных бумаг.
- Имущество, вносимое в оплату акций, оценивается в деньгах с учетом его текущей рыночной цены, по решению Совета директоров. Вклад, вносимый в оплату акций, и его оценка должны быть подтверждены аудитором.
- 6.6. Общество может выкупать акции по их средневзвешенной рыночной цене, определенной в соответствии с действующим законодательством о рынке ценных бумаг, за последние тридцать календарных дней, предшествующих дню объявления о выкупе выпущенных акций или по цене требования о выкупе, для их перераспределения или аннулирования по решению Совета директоров. В решении должны быть указаны количество выкупаемых акций, их виды и категории, цена выкупа и сроки оплаты.
- 6.7. Количество выкупаемых акций Обществом не должно превышать двадцать пять процентов общего количества выпущенных акций Общества, а средства, направляемые Обществом на выкуп акций, не могут превышать десяти процентов собственного капитала Общества на момент принятия решения о выкупе акций. В случае, если общее количество акций, в отношении которых заявлены требования о выкупе, превышает количество акций, которое можно выкупить Обществом с учетом ограничений, то акции выкупаются у акционеров пропорционально заявленным требованиям.



6.8. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғамның бұдан кейінгі қызметі үшін қаражат тарту мақсатында облигациялар шығаруға хақылы. Облигациялардың меншік иелеріне Қоғамды басқаруға қатысу құқықтары берілмейді.

Облигацияларды шығарудың тәртібі бағалы қағаздар рыногі туралы заңдармен реттеледі.

6.9. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізімін және басқа да бағалы қағаздарын жасақтауды, жүргізуді және сақтауды тәуелсіз тіркеуші жүргізеді.

Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлға өзінің деректерінің өзгергендігі туралы Қоғамның тізілім ұстаушысына он күн ішінде хабарлауға міндетті. Мұндай ақпарат берілмеген жағдайда Қоғам және (немесе) иәуелсіз тіркеуші аталған ақпараттың берілмеу салдарынан келтірілген залал үшін жауапкершіліктен босатылады.

Құжатсыз бағалы қағаздарға құқықтарды растауды бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен көшірме немесе атаулы ұстаушының шотынан көшірме беру жолымен тізілімді ұстаушы немесе атаулы ұстаушы жүзеге асырады.

6.10. Акционер Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге салуға құқылы. Бұл жағдайда, кепілге салу шарттарында өзгеше көзделмесе, акционердің өзі кепілге салған акциялары бойынша дивидендтер алуға да, дауыс беруге де құқығы бар.

6.11. Қоғам, егер:

- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздарға толық төленген;
- 2) Қоғамның кепілге беретін және онда кепілде жатқан бағалы қағаздардың жалпы саны Қоғамның шығарылған (төленген) жарғылық капиталының он процентінен мөлшерін құраған;
- 3) кепіл шартын акционерлердің жалпы жиналысы мақұлдаған жағдайда ғана өзі шығарған бағалы қағаздарды кепілге қабылдай алады.

Қоғам шығарған және онда кепілге жатқан акциялар акционерлердің жалпы жиналысының кворумының анықтау кезінде есепке алынбайды және акционерлердің жалпы жиналысының шешімдер қабылдауна қатыспайды.

## 7. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ.

7.1. Қоғамда келесі органдар құрылады:

- жоғарғы басқару органы- Акционерлердің жалпы жиналысы;
- басқару органы- Директорлар кеңесі;
- алқалы атқарушы орган- Қоғамның басқармасы;
- бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы.

## 8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ.

8.1. Қоғам жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндетті.

6.8. Общество имеет право выпускать облигации с целью привлечения средств для дальнейшей деятельности Общества по решению Общего собрания акционеров. Собственники облигаций не наделяются правами на участие в управлении Обществом.

Порядок выпуска облигаций регулируется законодательством о рынке ценных бумаг.

6.9. Формирование, ведение и хранение реестра держателей акций и других ценных бумаг Общества осуществляется независимым регистратором.

Лицо, зарегистрированное в реестре держателей ценных бумаг Общества, в течение десяти дней обязано информировать реестродержателя Общества об изменении своих данных. В случае непредставления такой информации Общество и (или) независимый регистратор освобождаются от ответственности за ущерб, причиненный вследствие непредставления указанной информации.

Подтверждение прав на бездокументарную ценную бумагу осуществляется реестродержателем или номинальным держателем путем выдачи выписки из реестра держателей ценных бумаг или выписки со счета у номинального держателя.

6.10. Акционер имеет право закладывать ценные бумаги Общества в залог, при этом за ним сохраняются права голоса и на получение дивидендов, если иное не предусмотрено условиями залога.

6.11. Общество может принимать в залог выпущенные им ценные бумаги только в случае, если:

- 1) передаваемые в залог ценные бумаги полностью оплачены;
- 2) общее количество ценных бумаг, передаваемых в залог обществу и уже находящихся у него в залоге, составляет не более десяти процентов выпущенного (оплаченного) уставного капитала общества;
- 3) договор залога одобрен Общим собранием акционеров.

Акции, выпущенные обществом и находящиеся у него в залоге, не учитываются при определении кворума общего собрания акционеров и не участвуют в принятии решений общим собранием акционеров.

## 7. ОРГАНЫ УПРАВЛЕНИЯ ОБЩЕСТВОМ

7.1. В Обществе создаются следующие органы:

- высший орган управления - Общее собрание акционеров,
- орган управления - Совет директоров,
- коллегиальный исполнительный орган – Правление Общества,
- контрольный орган - Ревизионная комиссия.

## 8. ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ АКЦИОНЕРОВ

8.1. Общество обязано ежегодно проводить собрание акционеров.



Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс.

Аталған мерзім есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған деп саналады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысынан басқа жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

8.2. Әрбір акционердің жалпы жиналыста дауыс беру кезінде оған тиесілі дауыс беретін акциялар санына тең келетін дауыс саны болады.

Акционерлердің жалпы жиналысына Қоғамның акционерлері, акционер емес Директорлар кеңесінің мүшелері және Қоғамның басқару органына енетін жұмысшылар қатынаса алады.

8.3. Жалпы жиналысты өзірлеуді және өткізуді Басқарма жүзеге асырады.

8.4. Акционерлердің жалпы жиналысынның айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 2) Қоғамның үлгісін өзгерту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру және тарату;
- 4) Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау, оның сандық құрамын белгілеу және оның мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Қоғамның жарияланған Жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту;
- 6) Қоғамның тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) есеп комиссиясының құрамын бекіту;
- 8) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесін, Қоғамның тексеру комиссиясының қортындыларын бекіту;
- 9) Қоғамның акционерлердің алда тұрған жалпы жиналысын шақыруды акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және осындай ақпаратты баспасөз басылымында жариялау туралы шешім қабылдау;
- 10) акцияларды бөлшектеу (сплит) және топтастыру;
- 11) акциялардың құнын оларды Қоғам бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарға сәйкес сатып алу кезінде айқындау әдістемесін бекіту;
- 12) Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі;
- 13) жыл қортындысы бойынша дивидендтер мөлшерін бекіту;
- 14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

Годовое Общее собрание акционеров Общества должно быть проведено в течение пяти месяцев после окончания финансового года.

Указанный срок считается продленным до трех месяцев в случае невозможности завершения аудита деятельности Общества за отчетный период.

Общие собрания акционеров, помимо годового, являются внеочередными.

8.2. Каждый акционер при голосовании на общем собрании имеет число голосов, равное числу принадлежащих ему голосующих акций.

На общем собрании акционеров могут присутствовать акционеры, члены Совета директоров, не являющиеся акционерами, и работники, входящие в органы управления Общества.

8.3. Подготовка и проведение общего собрания осуществляется Правлением.

8.4. К исключительной компетенции Общего собрания акционеров относятся следующие вопросы:

- 1) внесение изменений и дополнений в Устав Общества;
- 2) изменение типа Общества;
- 3) добровольная реорганизация и ликвидация Общества;
- 4) избрание Совета директоров Общества, определение его количественного состава и досрочное прекращение полномочий его членов;
- 5) изменение размера объявленного Уставного капитала Общества;
- 6) избрание членов Ревизионной комиссии Общества и досрочное прекращение их полномочий;
- 7) утверждение состава счетной комиссии;
- 8) утверждение годовой финансовой отчетности Общества, заключения Ревизионной комиссии Общества;
- 9) определение формы извещения Обществом акционеров о предстоящем созыве общего собрания акционеров и принятие решения о размещении такой информации в печатном издании;
- 10) дробление (сплит) и консолидация акций;
- 11) утверждение методики определения стоимости акций при их выкупе Обществом в соответствии с законодательством о рынке ценных бумаг;
- 12) порядок распределения чистого дохода Общества;
- 13) утверждение размера дивидендов по итогам года;
- 14) принятие решения об участии Общества в создании или деятельности иных юридических лиц путем передачи части или нескольких частей активов, в сумме составляющих 25 и более процентов от всех принадлежащих Обществу активов;



15) сатып алуға немесе иеліктен айыруға не жалпы баланстық құны Қоғам активтердің 10 және одан да көп пайыз немесе Қоғамның төлеуге немесе сатуға, оның ішінде шығаруға және орналастыруға байланысты жалпы санының 10 және одан да көп пайызын құрайтын ірі мәмлелерді және өзге де мәмлелерді бекіту;

16) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттары мен тәртібі;

17) Қоғамның өз капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның міндеттемелерін көбейту туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақының және (немесе) өтемақының мөлшерін бекіту;

19) Қоғамның аудиторын бекіту;

20) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты акционерлерге жеткізудің тәртібін анықтау, соның ішінде баспасөз басылымын айқындау;

8.5. Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында санамалап көрсетілген мәселелер жөніндегі шешімдерді Қоғамның дауыс беретін акцияларының білікті көпшілігі қабылдайды. Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған қалған мәселелер жөніндегі шешімдер Қоғамның дауыс беруге қатысқан дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

8.6. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің кез келген шешімін жоюға хақылы.

8.7. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің, Директорының, Тексеру комиссиясының бастамасы бойынша не жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде бес және одан да көп пайызын иеленген акционерлердің бастамасы бойынша шақырылады. Ерікті түрде тарату процесінде тұрған Қоғам акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын тарату комиссиясы (таратушы) да шақыра алады.

8.8. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқылы бар акционерлердің тізімі Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі мәліметтерінің негізінде жасалады. Аталған тізімді жасау күнін жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен бұрын белгілеуге болмайды.

8.9. Қоғамның акционерлернің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама оны өткізетін күннен 30 күн бұрын баспасөз басылымында құлақтандыру жариялау немесе жазбаша хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.

8.10. Акционерлернің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада:

- 1) Қоғамның толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналыс өтетін күн, уақыты және орны;
- 3) акционерлернің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;

15) утверждение крупных сделок, связанных с приобретением или отчуждением имущества стоимостью десять и более процентов балансовой стоимости активов Общества или выкупом, продажей, выпуском и размещением ценных бумаг, составляющих десять и более процентов от общего количества ценных бумаг общества;

16) условия и порядок выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества;

17) принятие решения об увеличении обязательств Общества на сумму, составляющую 25 % и более процентов от размера собственного капитала Общества;

18) утверждения размера вознаграждения и (или) компенсации членам Совета директоров Общества;

19) утверждение аудитора Общества;

20) определение порядка предоставления акционерам информации о деятельности Общества, в том числе определение печатного издания.

8.5. Решения по вопросам, перечисленным в подпунктах 1) - 3) настоящего пункта, принимаются квалифицированным большинством голосующих акций Общества. Решения по остальным вопросам, отнесенным к исключительной компетенции Общего собрания, принимается простым большинством голосов от общего числа голосующих акций Общества, участвующих в голосовании.

8.6. Общее собрание акционеров Общества вправе отменить любое решение Совета директоров Общества по вопросам, относящимся к внутренней деятельности Общества.

8.7. Внеочередное Общее собрание акционеров созывается по инициативе Совета директоров. Ревизионной комиссии Общества либо по инициативе акционеров, владеющих в совокупности пятью и более процентами голосующих акций Общества. Внеочередное Общее собрание акционеров Общества, находящегося в процессе добровольной ликвидации, может также созываться ликвидационной комиссией (ликвидатором).

8.8. Список акционеров, имеющих право принимать участие в общем собрании акционеров, составляется на основании данных реестра держателей акций Общества. Дата составления указанного списка не может быть установлена ранее даты принятия решения о проведении общего собрания.

8.9. Сообщение акционерам о проведении Общего собрания акционеров Общества осуществляется не позднее, чем за 30 дней до даты его проведения путем направления акционерам письменного уведомления и (или) опубликования извещения в печатном издании.

8.10. Сообщение (извещение, уведомление) о проведении общего собрания акционеров должно содержать:

- 1) полное наименование и место нахождение Общества;
- 2) дату, время и место проведения собрания;
- 3) дату составления списка акционеров, имеющих право на участие в общем собрании акционеров;



- 4) акционерлернің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелердің тізбесі;
- 5) акционерлернің жалпы жиналысын өткізуге өзіндік кезінде акционерлерге беруге жататын ақпаратпен акционерлерді таныстыру тәртібі;
- 6) бірінші жиналыста кворум болмаған жағдайда, қайтадан жиналыс өткізу күні көрсетілуі тиіс.

8.11. Қоғам, акционердің талап етуі бойынша, өтетін жиналыстың алдында, оған шешім қабылдауға керекті ақпараттармен танысуға мүмкіндік беруі керек, оның ішінде Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің жылдық есебін тексеру бойынша аудитордың есебін қоса, акционерлердің жалпы жиналысында бекітуге жататын, Қоғамның жылдық қаржы есептілігінің негізгі мәліметтерімен, сонымен қатар күн тәртібіндегі мәселелердің мағлұматтарымен танысуға, мүмкіндік жасауға тиіс.

Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда аталған бюллетеньдермен берілген және жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қортындыларын шығару кезінде есепке алынады.

8.12. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы бірінші Жалпы жиналыс өтетін күннің ертеңгі күнінен бұрын өкерілмейді.

Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысының орнына шақырылған қайтадан өтетін жалпы жиналысы, егер оған қатысу үшін тіркеу аяқталған кезде жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызын иеленген акционерлер, оның ішінде сырттай дауыс беруші акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдауға құқылы болады. Қайтадан өтетін жалпы жиналыстың шешімі бірінші жиналысты шақыру рәсімі сақталған жағдайда заңды болады.

8.13. Акционерлердің жалпы жиналысын өткерудің тәртібін жалпы жиналыстың тікелей шешімімен белгіленеді.

8.14. Жалпы жиналыс ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға хақылы емес.

8.15. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын, хатшысын, хаттама жасаудың дұрыстығын куәландыратын акционерлердің өкілдерін, есеп комиссиясы мүшелерін сайлауды өткізеді. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру нысанын: ашық немесе жабық (бюллетеньдер бойынша) таңдауды жүргізеді. Аталған тұлғаларды сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа не болады, ал шешім қатысып отырғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

- 4) перечень вопросов включенных в повестку дня общего собрания акционеров;
- 5) порядок ознакомления акционеров с информацией (материалами), подлежащей представлению акционерам при подготовке к проведению общего собрания акционеров;
- 6) дату проведения повторного собрания в случае отсутствия кворума на первом собрании.

8.11. По желанию акционера Общество должно предоставить ему возможность перед собранием ознакомиться с информацией, необходимой для принятия решения, в том числе ознакомиться с основными данными по годовой финансовой отчетности Общества, подлежащей утверждению на общем собрании акционеров, с отчетом аудитора по результатам годовой проверки финансово-хозяйственной деятельности Общества, а также с иными сведениями по вопросам повестки дня.

В случае направления акционерам бюллетеней для заочного голосования голоса, представленные указанными бюллетенями и полученные Обществом к моменту регистрации участников общего собрания, учитываются при определении кворума и подведении итогов голосования.

8.12. Повторное собрание акционеров может быть проведено не ранее чем на следующий день после назначенной даты первоначального общего собрания. Повторное Общее собрание акционеров, созванное взамен несостоявшегося, правомочно, если на момент окончания регистрации для участия в нем зарегистрированы акционеры, владеющие в совокупности сорока и более процентами голосующих акций Общества, в том числе заочно голосующие акционеры.

Решения повторного общего собрания будут действительны в том случае, если была соблюдена процедура созыва первого собрания.

8.13. Порядок проведения общего собрания акционеров определяется непосредственно решением Общего собрания акционеров.

8.14. До открытия общего собрания проводится регистрация прибывших акционеров (их представителей). Акционер (представитель акционера), не прошедший регистрацию, не учитывается при определении кворума и не вправе принимать участие в голосовании.

8.15. Общее собрание акционеров проводит выборы председателя, секретаря общего собрания, представителей акционеров, свидетельствующих правильность составления протокола. Собрание акционеров проводит выбор формы голосования: открытое или тайное (по бюллетеням). При голосовании по вопросу об избрании лиц, перечисленных в данном пункте, каждый акционер имеет голос, а решение принимается простым большинством голосов от числа присутствующих.



Президент, Басқарманың және Тексеру комиссиясының мүшелері, сонымен қатар еншілес кәсіпорындардың атқарушы директорлар мен тексерушілер акционерлердің жалпы жиналысына төрағалық ете алмайды.

8.16. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы қолданымдағы заңдарда белгіленген тәртіпте дайындалады және танысу үшін кез-келген акционерге барлық уақытта берілуге тиіс.

Акционерлердің талап етуі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

8.17. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, "Қоғамның бір акциясы-бір дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру ашық тәсілмен және (бюллетень бойынша) жабық дауыс беру арқылы өткізілуі мүмкін.

8.18. Қоғам акционерлері жалпы жиналысының шешімдері, қолданымдағы заңдарға сәйкес, сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру жиналысқа қатысқан акционерлердің қатысып дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге не жалпы жиналыстың отырысын өткізбестен қолданылуы мүмкін.

## 9. ДИРЕКТОР КЕҢЕСІ.

9.1. Директорлар кеңесі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады.

9.2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның қызметінің басты бағытын айқындау;
- 2) Қоғамның акционерлерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім шығару;
- 3) акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізбестен сырттай дауыс беруді жүргізу кезінде есеп комиссиясын құру;
- 4) акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібін бекіту;
- 5) жалпы жиналыстарыға қатысуға құқылы бар акционерлердің тізімін жасау күнін айқындау және акционерлердің жалпы жиналыстарын өзірлеу мен өткізуге байланысты басқа да мәселелер;
- 6) осы Жарғыда көзделген мәселелерді акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне ұсыну;
- 7) Қоғамның шығарылған (төленген) капиталының мөлшерін азайту туралы және Қоғам шығарған акцияларды, облигациялар мен өзге де бағалы қағаздарды сатып алу туралы шешім шығару;
- 8) өзінің құрамынан Төрағаны және хатшыны сайлау;

Президент, члены Правления и Ревизионной комиссии Общества, а также исполнительные директора и ревизоры дочерних предприятий не могут председательствовать на общем собрании акционеров.

8.16. Протокол Общего собрания акционеров оформляется в установленном действующим законодательством порядке и должен предоставляться для ознакомления любому акционеру в любое время.

По требованию акционеров им выдаются удостоверенные выписки из протоколов Общих собраний акционеров.

8.17. Голосование на общем собрании акционеров осуществляется по принципу "одна акция Общества - один голос".

Голосование на Общем собрании акционеров Общества может проводиться открытым способом и тайным голосованием (по бюллетеням).

8.18. Решения общего собрания акционеров Общества могут быть приняты путем проведения заочного голосования в порядке, определенным действующим законодательством.

Заочное голосование может применяться вместе с явочным голосованием акционеров, присутствующих на общем собрании (смешенное голосование), либо без проведения заседания Общего собрания.

## 9. СОВЕТ ДИРЕКТОРОВ

9.1. Совет директоров осуществляет общее руководство деятельностью Общества за исключением вопросов, отнесенных к компетенции Общего собрания акционеров.

9.2. К исключительной компетенции Совета директоров относятся следующие вопросы:

- 1) определение приоритетных направлений деятельности Общества;
- 2) принятие решения о созыве годового и внеочередного общих собраний акционеров Общества;
- 3) создание счетной комиссии при проведении заочного голосования без проведения заседания Общего собрания акционеров;
- 4) утверждение повестки дня Общего собрания акционеров;
- 5) определение даты составления списка акционеров имеющих право на участие в Общем собрании и другие вопросы, связанные с подготовкой и проведением общего собрания акционеров;
- 6) вынесение на решение Общего собрания акционеров вопросов, предусмотренных действующим законодательством;
- 7) принятие решения об уменьшении размера выпущенного (оплаченного) капитала Общества и о выкупе выпущенных Обществом акций, облигаций и иных ценных бумаг в случаях, предусмотренным действующим законодательством;
- 8) избрание из своего состава Председателя и секретаря;



- 9) Қоғамның Басқармасының мүшелерін, сонымен қатар еншілес кәсіпорындардың атқарушы директорлармен тексерушілерін сайлау және оның қызметін мерзімінен бұрын тоқтату мен оларға төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшерін белгілеу;
- 10) Тексеру комиссиясының мүшелеріне төленетін сыйақылар мен өтемақылардың мөлшерін белгілеу және аудитордың қызметінің төлемақысының мөлшерін айқындау;
- 11) тоқсандық және жартыжылдық қортындылар бойынша дивидендтер төлеудің мөлшері, көздері мен тәртібі туралы шешім қабылдау;
- 12) таза табысты, Қоғамның резервтік капиталын және басқа қорларының қаражатын жиналыстың шешімі бойынша пайдаланудың тәртібін айқындау;
- 13) Қоғамның қызметінің тәртібін айқындайтын ішкі құжаттарын бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамның басқа ұйымдар құруға және олардың қызметтеріне қатысуы туралы шешімдер қабылдау;
- 16) қолданымдағы заңдарда белгіленген тәртіпте, ірі мәмлелер жасау туралы шешімдер қабылдау;
- 17) тәуелсіз тіркеушімен жасалған шартты бекіту;
- 18) құпия сипаттағы және қоғамның коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты белгілеу;

Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның Басқармасының немесе кәсіпорындарының атқарушы директорларының шешуіне беруге болмайды.

9.3. Директорлар кеңесінің мүшелерінің құрамы тақ бес кісіден тұрады. Директорлар кеңесінің құрамын акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

9.4. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында кумулятивті дауыс берумен сайланады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің бұрынғы сайланған мүшелерінің өкілетігі, Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлайтын, жылдық жалпы жиналыс өкізілген кезде аяқталады. Директорлар кеңесінің мүшелері өкілетік мерзімі өткеніне қарамастан, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері қызметіне кіріскенше өз міндеттерін орындауға міндетті.

Директорлар кеңесінің құрамындағы кісі шектелмеген ретте қайта сайлануы мүмкін.

Қоғамның акционері болып табылмайтын тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы мүмкін. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің құрамының отыз пайызынан аспауға тиіс.

Заңды тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

- 9) избрание членов Правления Общества, а также исполнительных директоров и ревизоров дочерних предприятий, досрочное прекращение их полномочий и установление размеров выплачиваемых им вознаграждений и компенсаций;
- 10) определение размера вознаграждения членам Ревизионной комиссии и определение размера оплаты услуг аудитору;
- 11) принятие решение о размере, источниках и порядке выплаты дивидендов по итогам квартала или полугодия;
- 12) определение порядка использования чистого дохода, средств резервного капитала и иных фондов Общества в соответствии с решением собрания;
- 13) утверждение внутренних документов Общества, определяющих порядок деятельности Общества;
- 14) принятие решения о создании филиалов и представительств Общества;
- 15) принятие решения об участии Общества в создании и деятельности других организаций;
- 16) принятие решения о заключении крупных сделок в порядке, установленном действующим законодательством;
- 17) утверждение договора с независимым регистратором;
- 18) определение информации, носящей конфиденциальный характер и составляющей коммерческую тайну Общества;

Вопросы, отнесенные к исключительной компетенции Совета директоров, не могут быть переданы для решения Правлению Общества или исполнительным директорам предприятий Общества.

9.3. Совет директоров состоит из нечетного количества членов не менее пяти человек. Количественный состав Совета директоров определяется Общим собранием акционеров.

9.4. Члены Совета директоров Общества избираются Годовым Общим собранием акционеров кумулятивным голосованием.

Срок полномочий предыдущего члена Совета директоров истекает на момент проведения годового общего собрания, на котором проходит избрание нового члена Совета директоров. Несмотря на истечение срока полномочий члена Совета директоров, последний продолжает исполнение своих обязанностей до фактического вступления в должность нового члена Совета директоров.

Лица, избранные в состав Совета директоров могут переизбираться неограниченное число раз.

Членом Совета директоров может быть избрано лицо, не являющееся акционером Общества. Количество таких лиц не может превышать тридцать процентов состава Совета директоров.

Членом Совета директоров Общества не может быть юридическое лицо.



9.5. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің арасынан Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

Төраға Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын кез-келген уақытта жазбаша немесе ауызша хабарлама арқылы шақырады және оларда төрағалық етеді, қолданымдағы заңдарда белгіленген тәртіпте, отырыстарда хаттама жүргізуін ұйымдастырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функциясын Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

9.5. Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы өзінің бастамасы бойынша, Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Басқарманың төрағасының (Президентінің), Тексеру комиссиясының, Қоғамның еншілес кәсіпорындарының атқарушы директорларының, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жиынтығында он проценттен көбін жеке өзі немесе басқа акционерлермен бірге иеленген Қоғам акционерінің талап етуі бойынша шақырылады.

9.6. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланған мүшелер санының жартысынан кем болмауға тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны, осы Жарғыда көзделген санның жартысынан аз болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау үшін Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Қоғамның Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек қана Қоғам акционерлерінің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдауға хақылы.

9.7. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер, Қоғамның Директорлар кеңесінің қатынасып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысындағы мәселелерді шешуде Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Қоғамның Директорлар кеңесінің бір мүшесінің дауысын Қоғамның Директорлар кеңесінің екінші мүшесіне беруге тыйым салынады. Шешім қабылдаған ретте Директорлар кеңесінің мүшесінің дауыстары тең болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасының шешуші дауыс құқығы көзделуі мүмкін.

9.8. Директорлар кеңесі Қоғамның Басқармасы мен барлық еншілес кәсіпорынының директорларының орындауына міндетті шешімдер мен қаулылар шығарады.

## 10. ҚОҒАМНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР

10.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылық жасауды Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады. Басқарманы құру, оның өкілеттігі, сондай-ақ өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату осы Жарғыға сәйкес Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

9.5. Председатель Совета директоров Общества избирается из числа его членов большинством голосов от общего числа членов Совета директоров Общества.

Председатель совета директоров организует работу Совета директоров, созывает заседания Совета директоров путем письменного или устного уведомления в любое время, председательствует на них, организует на заседаниях ведение протокола в порядке, установленном действующим законодательством.

В случае отсутствия Председателя совета директоров его функции осуществляет один из членов Совета директоров.

9.5. Заседания Совета директоров созываются Председателем совета директоров по его собственной инициативе, по требованию любого члена Совета директоров, Председателя Правления (Президента), Ревизионной комиссии, исполнительных директоров дочерних предприятий Общества, а также акционера, владеющего самостоятельно или совместно с другими акционерами в совокупности более чем 10 % голосующих акций Общества.

9.6. Кворум для проведения заседания Совета директоров Общества не должен быть менее половины от числа избранных членов Совета директоров Общества. В случае, когда количество членов Совета директоров Общества становится менее половины количества, предусмотренного настоящим Уставом, Общество обязано созвать внеочередное Общее собрание акционеров для избрания новых членов Совета директоров Общества. Оставшиеся члены Совета директоров Общества вправе принимать решение только о созыве такого внеочередного Общего собрания акционеров Общества.

9.7. Решения на заседании Совета директоров Общества принимаются большинством голосов присутствующих членов Совета директоров. При решении вопросов на заседании Совета директоров Общества каждый член Совета директоров Общества обладает одним голосом. Передача голосов одним членом Совета директоров Общества другому члену Совета директоров Общества запрещается. Председатель совета директоров Общества имеет право решающего голоса при принятии решений в случае равенства голосов членов Совета директоров.

9.8. Совет директоров издает решения, постановления, обязательные для исполнения Правлением общества и всеми директорами дочерних предприятий.

## 10. ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ОРГАНЫ ОБЩЕСТВА

10.1. Руководство текущей деятельностью Общества осуществляется Правлением общества. Образование Правления, его полномочия, а также досрочное прекращение полномочий осуществляется по решению Совета директоров в соответствии с настоящим Уставом.



10.2. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, Қоғамның атынан іс әрекеттер жасайды, оның ішінде оның мүдделерін қорғайды, қолданымдағы заңдар мен осы Жарғыда белгіленген тәртіпте, келісім шарттар жасайды, Қоғамның барлық жұмысшылары мен қызметкерлеріне орындауға міндетті бұйырықтар мен тапсырмалар береді.

10.3 Басқарманың құрамында оның он екі мүшесі болады. Қызметіне байланысты Басқарманың мүшелері: Президент, Вице-президент, маркетинг жөніндегі Директор, қаржы жөніндегі Директор, экономика жөніндегі Директор, өндіріс бойынша Директор, техникалық Директор, Бас технолог, Бас бухгалтер (есепші), Бас энергетик, Бас механик, коммерция жөніндегі Директор болады.

Басқарманың мүшесі болып сайланған кісі, қатарынан бес жылдан аса ол орынды иелене алмайды.

Қоғамның акционері болып табылмайтын тұғасы Басқарманың мүшесі болып сайлануы мүмкін. Олардың құқықтары мен міндеттері қолданымдағы заңдармен, осы Жарғымен, сонымен қатар Қоғам олардың әрқайсысымен жасасқан жеке еңбек келісім-шартына сәйкес белгіленеді. Шартқа Қоғамның атынан Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

Басқарма мүшелері басқа ұйымдарда немесе басқа ұйымдардың органдарында лауазым атқаруға тек Қоғамның Директорлар кеңесінің келісімімен ғана рұқсат етіледі.

